ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40
тел: 54-59-08, факс 54-69-50

030010, город Актобе, проспект Абилкайыр-хана, 40
тел: 54-59-08, факс 54-69-50

2018 ж. « 02 » сәуір
№ 09-08- 283/ 1007

«Серикбаева Р.С.» ЖК

ҚР, Шымкент қ., Амирбеков көшесі, 159 үй.

Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен Сіздің 15.03.2018ж. шығ.№2 шағым хатыңыз негізінде электрондық конкурс тәсілімен өткізілген хабарландыру №2245162-2 лот №16176767-ОК1 «Электрод» мемлекеттік сатып алудың ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкестігіне камералдық бақылау жүргізілді. Камералдық бақылаумен шағым хатта көрсетілген желеулер төмендегідей негіздерге сәйкес расталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі - Қағида) 153 – тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурстық комиссия конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде, Заңның 21-бабының 4-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қолданылатын, конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдерге сәйкес шартты жеңілдіктерді анықтайды.

Қағиданың 154 – тармағына сәйкес конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды.

Сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болғаны үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Конкурстық құжаттамаға 7-қосымша «Біліктілік туралы мәліметтердің» 2-тармағына сәйкес растаушы құжаттардың* (бар болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы он жыл ішінде жеткізген (шығарған), конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) тауарлар көлемін көрсетеді.

Конкурстық құжаттамаға 7-қосымша «Біліктілік туралы мәліметтердің» Ескертпеге сейкес сатып алынатын тауарлар нарығында тауарлар мен шот-фактураларды қабылдап алу актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады.

Конкурстық комиссияның шешімімен әлеуетті өнім беруші «Серикбаева Р.С.» ЖК-не сатып алынатын тауарлар нарығындағы жұмыс тәжірибесінің болуы үшін 0,5 пайыз көлемінде шартты жеңілдік есептелген.

Әлеуетті өнім беруші «Серикбаева Р.С.» ЖК-нің 7-қосымшада «Біліктілік туралы мәліметтерде» «электрод» тауар бар көрсетілген мәліметтер конкурста сатып алынатын ұқсас (сол сияқты) тауарлар көлемі болып табылады, оның ішінде оларға растаушы құжаттар болып табылатын тауарлар мен шот-фактураларды қабылдап алу актілерінің электрондық көшірмелері тек қана төмендегідей жеткізілген тауарларға қоса берілгендігі камералдық бақылаумен анықталды:

- 2010 жыл – алушы ГКП "Созақ саулет" электрод, труба, карбид, кислород, вентиль, згон, опрыскиватель;
- 2015 жыл – алушы ГУ Аппарат акима сельского округа Құмкент электрод, труба, карбид, кислород, вентиль, згон, опрыскиватель.

Осыған орай, камералдық бақылаумен «Серикбаева Р.С.» ЖК-не сатып алынатын тауарлар нарығындағы жұмыс тәжірибесінің болуы үшін 1,0 пайыз көлемінде шартты жеңілдік есептелді, яғни конкурстық комиссиямен 0,5 пайыз негізсіз есептелген. Алайда, анықталған бұзушылық конкурс қорытындысына әсер етпейді.

Камералдық бақылау қорытындымен ұйымдастырушыға анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберілді.

Егер де Сіз шағым бойынша берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда ҚР 2007 жылғы 12 қаңтарындағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 – баптарына сәйкес жоғарыда тұрған ұйымға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді есіңізге саламыз.

Департамент басшысының м.а. **Қ.М. Рахметов**

Орн. В.Ө.Жұмахметова
Тел: 8/7132/54-41-76